

2005 жылғы 1 маусымдағы № 1676 "Қылмыспен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 1 маусымдағы N 69 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2006 жылғы 9 маусымда N 5-17-34 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 15 қазандағы № 409 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 15.10.2024 № 409 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы" 2000 жылғы 20 сәуірдегі №377 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес және аудан әкімдігі жанынан қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша Үйлестіру кеңесінің құрамынан кейбір мүшелердің шығуына және олардың басқа Жұмысқа ауысуына байланысты, Ұлан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 1 маусымдағы № 1676 "Қылмыспен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы" (тіркеу нөмірі 4, 2005 жылғы 23 шілдеде аудандық "Ұлан таңы" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-ші тармағында:

үйлестіру кеңесінің құрамына:

Серикжан Калибекович Тасщанов, Ұлан ауданының прокуроры;

Джамбулат Аманович Калетаев, Ұлан ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы енгізілсін;

үйлестіру кеңесінің құрамынан: Калымбек Саянович Кумаргажин, Қуандық Тлеуханович Мухаметжанов шығарылсын.

2. Өзгертілген Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында бекітуге енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппараттының басшысына (Ш. Оскумбаева) жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК